**Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар №7 жалпы білім беретін орта мектебі бойынша 2022-2023 оқу жылының 10 қаңтар мен 10 ақпан айлары аралығында өткізілген «Қамқорлық» қайырымдылық акциясы туралы мәлімет**

2023 жылдың 10 қаңтар мен 10 ақпан айлары аралығында дәстүрлі республикалық «Қамқорлық» қайырымдылық акциясы өткізілді. Акцияның басты мақсаты – әлеуметтік жағынан қорғалмаған, күнкөрісі төмен отбасы балаларына, көпбалалы отбасы балаларына, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған отбасы балаларына әлеуметтік көмек көрсету.

«Қамқорлық» қайырымдылық акциясын өткізу туралы мектеп ұжымына мәлімденіп, мектептің әлеуметтік желісіне салынып, хабарланды. Акцияның жұмыс жоспары құрылып, бекітілді. Сынып жетекшілермен бірлесе демеушілік көмекті қажет ететін, қайырымдылық көмекке мұқтаж отбасы балалары анықталып, тізімі құрылды. Қайырымдылық акцияға демеушілерді тарту мақсатында қызметтік хаттар таратылды. Жоспар бойынша төмендегідей шаралар өткізілді.

«Мейірімділік» тақырыбында 10 б сынып жетекшісі тәрбие сағатын өткізді






«Қайырымдылық – қайырлы іс» тақырыбында 5-6-7-8 сынып оқушылары арасында қазақ тілі және әдебиет пәнінің мұғалімдерінің ұйымдастыруымен эссе жазу жұмысы жүргізілді.






«Мейірімділік» тақырыбында мектеп психологының ұйымдастыруымен 7 сынып оқушыларымен психологиялық тренинг сабақ өткізілді






«Мейірімділік – асыл жүректен» тақырыбында сурет пәнінің мұғалімінің ұйымдастыруымен 2-4 сынып оқушыларының қатысуымен сурет байқауы өткізілді

Балалар және театр жобасының жетекшісі – А.Балымбеттің ұйымдастыруымен 8 сынып оқушыларының қатысуымен «Мейірімді жүрек» тақырыбында қойылым өткізілді.






Шағын орталық тобының тәрбиешісі мен мектепалды даярлық тобының тәрбиешісінің ұйымдастыруымен «Қайырымдылық менен және сенен басталады» атты қайырымдылық жәрмеңкесі өткізілді






Жем Локомотив депосының ұжымы 1 оқушымызды көлемі – 70 000 тг тұратын қысқы куртка, қыс етік, спорттық киім, спорттық аяқ киім, туфли, ақ майка, ақ рубашка, көк шалбар, бас киім шарфымен, қолғап, мектеп сөмкесі, оқу-құралдарымен қамтамасыз етті.






Ембі қаласындағы «Мега Арзан» киім дүкенінінің басшысы 2 оқушымызды көлемі – 36 100тг тұратын қысқы курткамен және спорттық киіммен қамтамасыз етті.




«Қамқорлық» қайырымдылық акциясы бойынша 18 бала – 150 100 тг. көлемінде киім-кешекпен қамтамасыз етілді. Қайырымдылық жәрмеңкелерінен – 59 773 тг. көлемінде түскен қаржы Базарбай Батырдың еміне аударылды.





Дарынды оқушылардан құрылған «Жас талап» оқушылар ғылыми қоғамының орта буын мүшелері әлеуметтік көмекке мұқтаж 1 отбасын көлемі – 11830 тг болатын азық-түлікпен қамтамасыз етті.



Акция бойынша жалпы түскен қаражат көлемі – 221 703 тг. Қамтылған бала саны – 19 бала. Қамтылған отбасы саны – 1 отбасы

   

«Жақсылық жасаудан жарысайық» атты 8-9-10 сынып оқушылары арасында челлендж ұйымдастырылды

   

Аға тәлімгердің ұйымдастыруымен «Қоғамға қызмет» мүшелері «Жүректен-жүрекке» тақырыбында қайырымдылық жәрмеңкесін өткізді

   

Дарынды оқушылардан құрылған «Жас талап» оқушылар ғылыми қоғамының орта буын мүшелері «Көмек қолын созамыз» тақырыбында мектеп жанындағы интернатқа барып көмектесті.

   

Дарынды оқушылардан құрылған «Жас талап» оқушылар ғылыми қоғамының орта буын мүшелері «Бала жүректен қайырымды іс» тақырыбында әлеуметтік көмекке мұқтаж отбасына азық-түлік апарып, көмек қолын созды.

   

«Қайырымдылық – көңіл кеңдігі», «Қайырымдылық – қайырлы іс» тақырыптарында 6-7 сынып оқушылары қабырға газетін шығарды

   

**Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар №7 ЖББОМ – де өткізілген «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы туралы мәлімет**

**2022-2023 оқу жылы**

Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар №7 ЖББО мектебінде 2022 жылдың 01 тамыз бен 30 қыркүйек айлары аралығында дәстүрлі республикалық «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы жүргізілуде. Акцияның мақсаты – әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасы балаларын, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды жаңа оқу жылында киім-кешекпен, оқу-құралдармен қамтамасыз ету және мектепке келе алмай отырған балаларды анықтап, олардың біліммен қамтылмай қалмауларының алдын-алу. Осыған орай, мектебімізге қарасты мөлтек аудандарды аралау барысында мектепке келе алмай, біліммен қамтылмай отырған балалардың жоқ екені анықталды.

«Мектепке жол» қайырымдылық акция барысында көмек сұраған ата-аналардан барлығы 30 ға жуық өтініш келіп түсті. Келіп түскен сұранысқа сәйкес барлық отбасы балаларына көмек көрсетуге демеушілерді тарту жұмыстары жүргізілуде. Осыған байланысты, мектебіміздің 9 баласы қалалық әкімдігі тарапынан мектеп сөмкесі мен оқу-құралдармен қамтамасыз етілді. Ембі қалалық «Нұр» мешітінің имамы Тұрсынқұлов Нұрсұлтан 4 оқушыны оқу-құралдармен және қаржылай көмекпен (5000тг) қамтамасыз етті. Жеке кәсіпкер (Базарбаева Катира) 3 баланы мектеп сөмкесімен, оқу-құралдарымен қамтамасыз етті. Жем пайдалану локомотив депосының ұжымы тарапынан 3 бала спорттық киіммен, спорттық аяқ киіммен, оқу-құралдармен қамтамасыз етілді. Сонымен қатар, 1сыныптың 2 баласы облыстық волонтерлардың тарапынан 2 дана мектеп сумкасымен, оқу-құралдармен қамтамасыз етілді. 2022 жылдың 26 тамыз күні Қандыағаш қаласында «Барлығы балалар үшін» атты балаларға арналған фестиваль өтті. Сол фестивальге мектебімізден 5 бала қатысты, 4 баланың барып-келу жол ақысын (3000тг) класс жетекшілері (Аманиязов Д., Умарова А., Тенисбаева А., Тиналина Г., Тоғымбаева Б.,) төледі. Мектеп мұғалімдері де қайырымдылық акциясына өз үлестерін қосып, балаларға көмек қолын соза білді. Атап айтар болсақ, ағылшын пәнінің мұғалімі К.Кабылбаева, орыс тілі пәнінің мұғалімі Г.Есенова өз үлестерін қосты. Математика пәнінің мұғалімі Т.Дүйсенгалиева 10 000тг ақшалай көмек беріп, акцияға өз үлесін қосты. Мектеп алды даярлық тобының тәрбиешісі Шалабаева М.Ф. 1 оқушыға мектеп жакетін (5000тг) тегін тігіп беріп, акцияға өз үлесін қосты. Акция барысында 21 балаға жалпы сомасы 262 000 тг көлемінде көмек көрсетілді.









